

**«Бақылауда тұрған балалардың тәрбиелік деңгейін анықтау»
бойынша жүргізілген жұмыстардың
АНЫҚТАМАСЫ**

Құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау жөніндегі жұмыс жоспары аясында бақылауда тұрған балалардың тәрбиелік деңгейін анықтау мақсатында жоспарлы іс-шаралар өткізілген.

Мақсаты – мінез-құлқында ауытқушылығы бар немесе мектеп тарапынан ерекше бақылауда тұрған оқушылардың тәрбиелік деңгейін, әлеуметтік бейімделуін, мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынас жағдайын анықтау, құқық бұзушылықтың алдын алу және оның себептерін болдырмау.

Іс-шараға қатысқандар:

Құқықбұзушылықтың алдын алу комиссия мүшелері

- Мектеп директоры Сатиева А.Ч.
- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары,
- әлеуметтік педагог,
- психолог,
- сынып жетекшілер және оқушылардың ата-аналары қатысты.

Іс-шара барысы:

Жоспарға сәйкес, бақылауда тұрған оқушылармен жеке және топтық әңгімелер жүргізілді. Психологиялық диагностика, сауалнама және бақылау әдістері арқылы әр оқушының тұлғалық және мінездік ерекшеліктері зерттелді. Сынып жетекшілер мен әлеуметтік педагог отбасымен байланыс орнатып, ата-аналарға баланың тәртібі мен оқу үлгерімін жақсарту бағытында кеңес берді. Сонымен қатар, «Құқық және жауапкершілік», «Менің өмірім – менің таңдауым», «Жақсы әдет – жарқын болашақ кепілі» тақырыптарында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Талдау нәтижесі бойынша:

- Көптеген оқушыларда тәртіп пен оқу үлгерімі жақсару бағытында оң өзгерістер байқалды;

- Кейбір оқушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуі мен өзін-өзі ұстау мәдениетінде ілгерілеу бар;
- Әлі де қосымша психологиялық қолдау мен ата-аналар тарапынан назар қажет ететін оқушылар анықталды.

Қорытынды:

Жүргізілген жұмыс нәтижесінде бақылауда тұрған балалардың тәрбиелік деңгейі айқындалды. Педагогикалық ұжым, ата-аналар және мектеп әкімшілігі бірлесе отырып, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмысты әрі қарай жүйелі түрде жалғастыру туралы шешім қабылданды.

Саяси